

«Бекітемін»
 «Тағты ауылының ЖОББМ» КММ директоры
 Османова Р.Я. 
 2025 ж. «05» тамыз



**Педагогикалық кеңестің
 2025-2026 оқу жылына арналған
 жұмыс жоспары**

Мақсаты: Білім беру сапасын арттыру, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жетілдіру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Педагогикалық кеңес тақырыбы	Жауапты тұлғалар
Тамыз	
№ 1 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы міндеттер мен басым бағыттар Мақсаты: 2025–2026 оқу жылының негізгі бағыттарымен таныстыру, жылдық жоспарды бекіту. Мәселелер: • 2024–2025 оқу жылының қорытындысы; • Жаңа оқу жылындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру; • Мектептің оқу-тәрбие жоспарын бекіту; • Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарларын қарау.	Директор, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, директордың ТІЖ жөніндегі орынбасары ӘБЖ
Қараша	
№ 2 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Оқу үдерісінде оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары Мақсаты: Бірінші тоқсан қорытындысы негізінде оқу сапасын талдау және тиімді әдістерді анықтау. • Оқу үлгерімін сараптау; • БЖБ, ТЖБ нәтижелері бойынша талдау; • Оқытудағы жаңа тәсілдерді енгізу (цифрлық ресурстар, критериялы бағалау).	Директор, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, директордың Пән мұғалімдері

Қаңтар	
№ 3 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Тәрбие жұмысының тиімділігі мен оқушы тұлғасын қалыптастыру Мақсаты: Оқушылардың рухани-адамгершілік, ұлттық тәрбие бағытындағы жетістіктерін талдау. 1-жартыжылдық есебі. • Тәрбие іс-шараларының қорытындысы; • Оқушылардың құқықтық және моральдық мәдениеті; • Психологиялық ахуал мен буллингтің алдын алу шаралары.	Директор, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, директордың, директордың ТІ жөніндегі орынбасары Мектеп психологі
Наурыз	
№ 4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Мұғалімнің кәсіби шеберлігі – сапалы білім кепілі Мақсаты: Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау, заманауи әдістемелерді тарату. • Мұғалімдердің портфолиосын қорғау; • Іс-тәжірибе алмасу, коучинг-сабақтар есебі; • Дарынды балалармен жұмыс нәтижесі.	Директор, директордың ОІ жөніндегі орынбасары, директордың ТІ жөніндегі орынбасары
Мамыр	
№ 6 педагогикалық кеңес Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылын қорытындылау және келесі жылға міндеттер Мақсаты: Жылдық жұмысты сараптау, алдағы жылға бағыттар белгілеу. • Білім сапасын қорытындылау; • ҰБТ, мемлекеттік емтихан нәтижелері; • Мұғалімдердің аттестаттау нәтижесі; • Келесі оқу жылына ұсыныстар.	Директор, директордың ОТІ жөніндегі орынбасары, директордың ТІ жөніндегі орынбасары,
Маусым	
№ 7 педагогикалық кеңес 1. 9,11-сыныптардың емтихан қортындысы. Айбабина Б.Б.	Директор, директордың ОТІ

- | | |
|---|--|
| 2. Алтын белгі үміткерлері
3. 9,11- сынып оқушыларын Күнделік кз, ҰБДҚ
базасынан шығару. Сынып жетекшілер, тәрбие
ісінің меңгерушісі Ермуханбетов С.К.
4. Әртүрлі сұрақтар. | жөніндегі орынбасары, 9-
шы сынып жетекшісі |
|---|--|

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Айбабина Б.Б.
Директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары:  Жылхыбай М.

28 тамыз 2025 жыл

№1 хаттама

Төрағалық етуші: Османова Р.Я

Қатысқандар: 35 (тізім тіркеледі)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2024-2025 оқу жылының қорытындысы
2. Жаңа оқу жылындағы нормативтік-құқықтық құжаттармен таныстыру. Айбабина Б.Б.
3. Мектептің оқу тәрбие жоспарын бекіту. Ермуханбетов С.К.
3. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарын қарау. ӘБЖ
4. Әртүрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Сөйледі: Османова Р.Я. – директор: Педагогикалық кеңестің ашылуына дауыс берді. Бүгінгі күн тәртібімен таныстырды, педагогикалық кеңестің күн тәртібін дауысқа салды. Мұғалімдер дауысы қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес ашық деп жарияланды.

Сөйледі: Айбабина Б.Б. 2024-2025 оқу жылының қорытындысымен таныстырды.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев республикалық Тамыз конференциясында бейнеролик арқылы білім саласында 2024–2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар, қол жеткізілген жетістіктер мен 2025–2026 оқу жылындағы негізгі міндеттерді таныстырды.

Президенттің баяндамасынан үзінді: Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім саласының ел болашағы үшін маңыздылығын атап өтіп, мұғалімдерге зор алғыс білдірді. Ол 2025–2026 оқу жылында білім беру мазмұнын жаңғырту, цифрлық және креативті дағдыларды дамыту, мектептер арасындағы білім сапасындағы теңсіздікті жою, балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне басымдық беру қажеттігін баса айтты. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңыз бен тәрбие сағаттарының жоспарына енгізілуі тиіс.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне біріктіру. Биылдан бастап біз ЖИ-ді жүйелі түрде енгізуді бастаймыз. Бұл компьютер мұғалімді алмастырады деген сөз емес. ЖИ – уақытты үнемдейтін әрі оқыту әдістерін кеңейтетін біздің цифрлық көмекшіміз.

1–11-сыныптың барлық оқушылары «Day of AI» курстарымен қамтылады. Барлық педагогтер Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтындағы «Орта білім беру жүйесінде ЖИ қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдармен» танысып, оны оқыту тәжірибесіне енгізу қажет.

Педагогтер үшін ЖИ қолдану бойынша деңгейлік курстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын болады. Қазірдің өзінде әрбір педагогке сайтта ЮНЕСКО қолдауымен "Өрлеу" БАҰО әзірлеген онлайн курсқа қолжетімділік ашылды <https://reg.orleu.edu.kz/>. Жақын арада оқудан өту керек (барлығы – 8 сабақ және тест) және куәлік алу керек.

Сонымен қатар, мектепке білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ішкі мектептік құжатты әзірлеп, бекіту қажет.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысы мұғалімдерді өзіне тән емес жұмыстарға тартудың жол берілмейтінін қадап айтты.

Педагогтің міндеті – оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет басшысының «ұстаз - ұлттың шамшырағы» ретіндегі ролін жоғары бағалауы педагогтерге берілген сенімге сәйкес келуге міндеттей отырып, ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл үшін кәсіби біліміңіз бен дағдыларыңызды үздіксіз жетілдіру өте маңызды.

Төртінші – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету сөзсіз төртінші басымдық болып табылады.

Сөйледі: Үшінші мәселе бойынша барлық бірлестік жетекшілері жылдық жұмыс жоспарымен таныстырды.

Гуманитарлық бірлестік жетекшісі-Жамц Хазираш

Жаратылыстану бірлестік жетекшісі-Досжанов К.М.


Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі-Аукирова А.Т.


Эстетикалық бірлестік жетекшісі- Кульжанова М.Ж.

Әр бірлестік жетекшісі құрамындағы мұғалімдермен отырыс жасалып әдістемелік нұсқаулық хатпен таныскандарын баяндады.

Қаулы етті.

1. 2025–2026 оқу жылының жылдық жоспары бекітілсін.
2. Әдістемелік бірлестіктердің жұмыс жоспарлары қолдау тапсын.
3. Мұғалімдерге жаңа оқу жылының басым бағыттарын жүзеге асыру жүктелсін.
4. Кеңес шешімдерімен барлық педагогтар таныстырылсын.

Төраға:  Османова Р.Я.

Хатшы:  Жылхыбай М.